

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

Біз көпшіліктен алынған сауалнаманы талдай келе, күрделі сөздердің ара-жігін ажыратуда 1978 ж. Алматыдағы “Ғылым” баспасынан шыққан “Қазақ тілінің орфографиялық сөздігінде” көрсетілген “Егер бір ғана заттың атын білдіретін тіркестің соңғы сөзі өзара біріне-бірі ұқсас тектес заттардың ортақ аты болып келіп, алдыңғы сөзі осы заттардың ішінен оның нақтылы бір түрін айыра көрсету үшін қолданылған болса, ондай лексикаланған тіркестердің әр сыңары бөлек-бөлек жазылады” деген ережені басшылыққа алған жөн деп ойлаймыз. Мысалы, екі жақты (үш жақты, көп жақты), жеке меншік (ортақ меншік), қол диірмен (су диірмен, жел диірмен), алғы сөз (кіріспе сөз, жарыс сөз, өлең сөз, соңғы сөз), қол орамал (бет орамал, мойын орамал) деген сөздерді бөлек жазуды ұсынамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынұлы А. Тіл құрал. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 183 б.
2. Ыхсан Б.Ж. Орфографиялық сөздіктердің мәселесі. // Ана тілі. 17 сәуір 2011. – 3б.
3. Қазақ тілінің орфографиялық сөздіктері.
4. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. Толықтырылып, түзетіліп екінші басылуы. – Алматы, Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы, 1978 ж.
5. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. Толықтырылып, түзетіліп екінші басылуы. – Алматы, «Ғылым» баспасы, 2013 ж.

ӘОЖ 811.512.122’367.625

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ СӨЙЛЕУ ЕТІСТІКТЕРІНІҢ ПРАГМАТИКАСЫ

Әмілбекова Тоғжан Дүйсембекқызы

Amilbekova@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті «Қазақ тілі мен әдебиеті»
мамандығының 1-курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.д., профессор Г.О.Сыздықова

Жалпы тіл білімінде етістіктер Н.К.Дмитриев, Н.З.Гаджиева, А.А.Коклянова, В.Ф.Вещилова, Г.К.Кулиев, О.Ю.Шагдурова, А.А.Озонова, И.Кучкортаев, М.Оразов, С.А.Рзаев т.б зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылады.

Қазақ тіл білімінде А.Ысқақов етістіктің лексикалық құрамында қанша сөз болса, солардың әрқайсысының өзіне тән лексикалық мағынасы болатындығын айтып, етістікті семантикасына қарай былайша топтастырады: амал-әрекет етістіктері (*босат, көтер, күрес, ки, сыз, өлше т.б.*), қимыл-қозғалыс етістіктері (*ауна, аудар, домала, жыт, қаш, секір т.б.*), қалып-сапа етістіктері (*жат, жантай, тұр, тос, күт, ұлғай т.б.*), ойлау-сөйлеу етістіктері (*айт, сөйле, де, ескер, жатта т.б.*), өсу-өну етістіктері (*балала, жапырақта, гүлде, өс, өн т.б.*), бағыт-бағдар етістіктері (*бар, кел, кет, қайт, әпер, әкет т.б.*), көңіл-күй етістіктері (*жыла, қайғыр, өкін, күл, қуан т.б.*), бейнелеу-еліктеу етістіктері (*жарқыра, күркіре, дүркіре, тарсылда, сыртылда, сырқыра т.б.*), дыбыс-сес етістіктері, көру-есту етістіктері; мінез-құлық етістіктері [1, 269 б]

Ғалым Ы.Маманов етістіктерді семантикалық топтарына қарай жіктегенімен, сөйлеу етістіктерін жеке топ ретінде қарастырмайды.

Н.Оралбай етістік сөзге бай, құрамы жағынан өте үлкен сөз табы болғандықтан, олардың лексикалық тұрғыда қозғалу етістіктері (*кел, кет, бар*), қалып етістіктері (*отыр, тұр, жатыр, жүр*), сөйлеу етістіктері (*айт, сөйле, де*), амал-әрекет етістіктері (*ишу, өндіру, жазу*), қалып-сапа етістіктері, сезіну етістіктері, ойлау етістіктері, көңіл-күй етістіктері, дыбыс-сес етістіктері, өсіп-өну етістіктері т.б. болып топтастырылып жүргендігін айқындайды [2, 203 б].

Сөйлеу етістігіне анықтама берген Н.К.Дмитриев: «...етістіктің жалпы семантикалық жүйесінде сөйлеу етістіктері маңызды бөлім болып табылады. Әлем тілдерінің барлығында етістіктің бұл топтамасы өзінің салмақтылығымен және жиі қолданылуымен ерекшеленеді» деп тұжырымдап, ойын әрі қарай былай жалғастырады: «Сөйлеу етістіктерінің тобы сөздіктер негізінде анықталады. Сөйлеу туралы түсініктің өзі етістіктердің іштей тағы жүйеленуіне негіз болып, сөздіктермен анықталып, ойды жеткізетін және адамдар арасындағы қарым-қатынасты жүзеге асыратын құрал ретінде пайдаланылады» [3, 570-6].

Н.З.Гаджиева мен А.А.Коклянова: «Өзінің семантикасымен етістіктердің ортақ массасынан бөлінген сөйлеу етістіктері, өз кезегінде, бірнеше лексика-семантикалық топшаларға бөлінеді» [4, 322 б] деп оларды былайша бөледі: 1) сөйлеудің таза актісін беретін етістіктер; 2) сөйлеу әрекетін саралай атайтын етістіктер: бұлардың бір бөлігі сөйлеудің түрін немесе тәсілін анықтаса, басқалары сөйлеуді формасына қарай акценттейді [4, 330 б].

Ғалым М.Оразов «Сөйлеу етістіктері дегеніміз – ойдың қандай да бір жолмен берілуі» деп, бұларға мына етістіктерді жатқызады: *айт, де, сөйле, жеткіз, әңгімелес, сөйлес, әзілдес, өсекте, ғибатта, датта және т.б.* [5, 203 бет].

Сөйлеу етістіктері бір-бірімен синонимдік қатар құрайды, бірақ барлық жағдайда бірін-бірінің орнына жүре алмайды. Мысалы:

*Шөл иесі сұңқар қияқсыз,
Еш нәрсе көрмей дүниеден
Өткенім бе, - **деген**, - тұяқсыз (4.)
Әулиеге ат **айтып**,
Қорасанға қой **айтып**,
Қабыл болған тілегі,
Жарылғандай жүрегі (4б).
Немесе,
Сонда Естеміс **сөйлейді**,
Сөйлегенде бүй **дейді** (6).
Қанша **айтса** да Естеміс,
Барғысы келді баланың,
«Түсірем, - **деп**, - атып дәл,
Кәміл пірлер болса жар».
Естеміс тағы **сөйлейді** (6).*

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде **айт, де, сөйле** етістіктеріне мынадай анықтама беріледі: **Айт** – сөзбен ой-пікірін білдіру, сөз сөйлеу [6, 26 бет]; **Де** – деу, бірдеме айту [6, 195 б]; **Сөйле** – ойды ауызша түрде сөзбен баяндау, айту [6, 740 б].

Ғалым А.Ә.Османова сөйлеу етістіктері бірімен-бірі синонимдес бола тұра, олардың бірінің орнына бірі қолданыла алмайтындығына назар аударады. Ғалымның пайымдауынша, «**сөйле**» етістігі жеке адамға да, көпшілік қауымға да байланысты информацияны хабарлау мәнін білдірсе, «**айт**» етістігі көпшілікке хабарлау информациясын белгілі бір стильдік талапқа байланысты береді. «**Айт**» етістігі тыңдаушы адамның нақты болу, болмауына байланысты болмай-ақ қолданылатын болса, «**сөйле**» етістігі әрі айтушының, әрі тыңдаушының нақты болуын талап етеді [7, 64 б].

Ғалым М.Оразов етістіктердің бұл семантикалық тобының негізгі міндеті тек ақпаратты беріп қана қою емес, сонымен бірге адрессаттың ақпаратқа қатынасын білдіру дейді. Мысалы, *аузына келгенін құсты, құлақ сарсыту, аузы сөзден босамау* және т.б. Бұл етістіктерді *сөйле, айтты, деді* етістіктерімен салыстырсақ, араларындағы стилистикалық айырмашылықты байқау қиын емес.

Ғалым сөйлеу етістіктерінің лексикалық мағынасын ескере отырып, оларды мынадай топтарға бөледі:

1. Де етістігі

2. Сөйлеу етістіктері
3. Хабарлау етістіктері
4. Симметриялық сөйлеу етістіктері
5. Сөйлеу контактының етістіктері
6. Сөйлеуді бағалау етістіктері
7. Тілек сөйлеу етістіктері
8. Эмоциялы сөйлеу етістіктері
9. Дыбысқа еліктеу сөйлеу етістіктері
10. Үнсіздікті білдіретін сөйлеу етістіктері [5, 204-205 бб].

Бұлардың ішінде қолданысы және қызметімен ерекшеленетіні – **де** және **хабарлау** етістіктері.

Де етістігі сөйлеу етістіктерінің басқа түрлерінен төл сөз бен автор сөзін байланыстырушы қызметімен ерекшеленеді. Мысалы,

*«Меніменен күресіп,
Жықса, алар» десінті.
Аты-тонын олжалап,
Аман қайтса, жарар», - деп,
Өзінше желдей есіпті (8).*

Де етістігінің прагматикалық сипаты оның екі түрлі қызметімен анықталады. Біріншісі, оның төлеу сөз құрамында қолданылуы. Мысалы,

*Құртқаның баққан Бұрылы
Қыдыра жалды, қыл құйрық
Жылқыдан қалмас дегіздім (97),*

Бұл жолдарда **де** етістігі **«айт»** деген етістігінің функциясын атқарып тұр. Бұл жағдайда біз сөйлеу етістіктерінің қандай формада қолданылып тұрғандығына назар аударуымыз керек. Жоғарыдағы мысалда **де** етістігі етістің қызметін атқарып, айту етістігінің синонимі болып тұр. Ал енді бір жағдайларда **де** сөйлеу етістігінің мұндай қызметі мүлде көрінбейді. Мысалы:

*«Қыз жау деген осы», - деп
Айтып отыр мақалды (78).*

Өзге етістіктер сияқты **де** етістігі үш валентті, көп және кең мағыналы. Мысалы,

*Қарлығадай сұлудың
Жүрегі оттай қабынды,
«Түсе гөр!» - деп жалынды, -
Тауда жалғыз жатырмын,
Қараманның тойына
Ала кетсең не қылды?» (125).*

*Келді Бөкен төртіне,
Төртке бала келгенде,
Ат шапсап деп ойлайды
Қызыл бастың кентіне (126).*

Мұндағы **деп жалынды, деп ойлады** сияқты құрылымдар жиі кездеседі, бірақ **деп** етістігі алдыңғы сөздерсіз де қолданыла алады.

Қазақ тіліндегі **де** етістігінің прагматикасындағы ерекшелікті осы етістіктің өзге түркі тілдеріндегі қолданысымен және мағынасымен салыстыру арқылы анықтауға болады.

Мысалы, қырғыз тілінде:

*-Ай, Каракан, өлбө – деп,
Бұл өңдөнгөн кордукту,
Бендесине бербе – деп [Манас жыры I бөлім 28 бет].*

Қарақалпақ тілінде:

*Патшалық хатқа сал деди,
Тезирек тургел бар деди,*

*Барып ғайрат сал деди.
Қалмасын оның кемпири,
Мында алып кел деди,
Есабын алған қағазды,
Бизге акелип бер деди.
Кеулимдеги пкирим,
Айтайын деген сол деди [Қоблан 17 бет].*

Өзбек тілінде:

*Сарихон айтади: - Гапир, иним, деб,
Қиёматдан ёмон бўлди куним, деб,
Нега сен айтмайсан, иним, бизларга,
Қайда қолди юрт эгаси улим, деб? [Булбул 130 бет].*

Бұл мысалдардан біз **де** етістігінің өзі байланысқан сөзімен әрдайым септік жалғауынсыз тіркесе беретіндігін, алдыңғы сөзге тәуелсіздігін, өзге түркі тілінде де сөз байланыстырушылық қызметін көреміз. Дәл осыны қазақ тіліндегі мысалмен дәлелдеп көрейік:

*Өткенім бе, - деген, - тұяқсыз [4 б]
«Қобыланды келді, шықсын!», - деп [8 б]
«Аяғыммен күрес!», - деп [9 б]
Көрімдігін берсін де,
Келінін келіп көрсін де [12 б].
[Батырлар жыры, Қобланды батыр]*

Де сөйлеу етістігімен тіркесетін етістіктер ашық, бұйрық, қалау, шартты рай формаларында тұрады [8, 124 б]. Мысалы:

*Інім десе, берсін де,
Бұл сөзіме сенсін де» (12).
«Қобыланды батыр жіберді:
«Ағама дұғай сәлем, - деп. –
Келінін алып келемін,
Қырық нарға артқан қазына –
Бәрін де соған беремін.
Көрімдігін берсін, - деп, -
Келінін келіп көрсін, - деп, -
Бұл сөзіме сенсін, - деп. –
Көрімдігі Құртқаның –
Көкала бие жылқыда,
Інім десе, берсін», - деп [Батырлар жыры, Қобланды батыр 13 б]*

М.Оразовтың мағыналық жіктеуіндегі сөйлеу етістіктері мен хабарлау етістіктері мағыналық жағынан ұқсайды. Алдыңғы етістіктерге белгілі бір ақпараттың, ойдың берілу етістіктері жатады да, сөйлеу етістігінің айналасында қарастырылады. Бұл топқа: *сөз баста, сөзге кіріс, ниет білдір, бұлтар, бұлтақта, жалтар, датта, жаманда, дыбыс бер, дауыста, сөзді бұрмала, сөзді бұр, қақылда, қақса, міңгірле, мыңқылда және т.б.* сөйлеу етістіктері жатады. Ал хабарлау етістіктеріне *хабарла, жарияла, мәлімде, баянда, жар сал, құлақ қағыс ет, жеткіз, айт, аузыңа ал, насихатта, үгітте, паиш ет және т.б.* жатады. Яғни екеуінің де қызметі – ойды жеткізу. Дегенмен стилистикалық ерекшеліктері бар. Мысалы:

Сөйлеу етістіктері:

*Құртқажан ұйқтап жатқанда,
Естеміс келіп сөз қатты,
Күн шыққан жоқ, таң атты,
Дауыстап тұстан сөйледі (20).*

Хабарлау етістіктері:

«Кеттің бе, - деп, - шынымен?».

*Мінемін дедің – мін енді,
Жүремін дедің – жүр енді.
«Алғаның – кәміл пірің» деп.*

Қош деп айттым үш енді.

*Алпамыс сонда сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді.*

Ақылың сенің кем, - деді (220).

Бірінші мысалда, *сөз қатты* етістігі берер ақпараттың мазмұны әлі де белгісіз екендігін, ал екінші мысалды «*қош деп айттым үш енді*» адресаттың үш рет қош деп айтқандығы мәлім болып тұр, яғни ақпарат белгілі.

Н.К.Дмитриевтің пікірі бойынша, ***айт*** етістігі екі элементтен тұрады: ***ай*** – түбірі, ***-т*** – өзгелік етіс жұрнағы. Сөйтіп бұл етістік ертеде айтуға, сөйлеуге мәжбүр ету мағыналарын білдірген. Алайда бұл етістік қазіргі кейбір түркі тілдерінде өзгелік етістікке тән мағынаны беру мүмкіншілігінен айрылған.

Сөйлеу етістіктерін арнайы зерттеген Н.З.Гаджиева мен А.А.Коклянованың пікірлеріне сүйенетін болсақ, ертедегі ескерткіштер тілінің өзінде-ақ ***ай*** тұлғалы етістік пен ***айт*** тұлғалы етістік мағыналық жағынан сараланған. Мәселен, ***ай*** тұлғасы тек сөйлеу мағынасын білдірсе, ал ***айт*** тұлғасы әрі сөйлеу, әрі сөйлеуге мәжбүр ету мағыналарында жұмсалып, өзгелік етіске тән мағынаны да иемденген [8, 104 б]. Осындай пікір А.Ысқақовтың да назарынан тыс қалмайды. Ғалым ***айт*** етістігі ***ай+т*** деп болып бөлшектенетінін, қазір бөлшектенбейтін омоним етістіктер пайда болғандығын мәлімдейді [1, 272 б].

Сөйлеу етістіктерінің меңгерілуін зерттеген ғалым А.Аблақов ***айт*** етістігі сөйлеу, хабарлау пікірін білдіру мағынасында жұмсалып, табыс және барыс жалғаулы сөздерді меңгереді деп, әрі қарай пікірін былайша сабақтайды: «Бұл етістіктің табыс және барыс жалғаулы сөздерді меңгеруі – ертедегі ескерткіштер тілінен бері қарай келе жатқан қасиеттер. ***Айт*** етістігіне тән қимыл-әрекет тура объектіні қамтитындай болса, табыс жалғаулы сөздерді меңгереді де, ал ол объектінің кімге бағытталғандығын, адресін білдіру қажет болғанда, барыс жалғаулы сөздерді меңгереді. Бағыныңқы сыңар қызметін атқаратын сөздердің табыс жалғауын қабылдауы да, сол тәрізді барыс септігінде тұруы да ***айт*** етістігінің семантикалық мағынасымен байланысты» [9, 105-109 бб]. Мысалы:

*Әділдігін айтады,
Екі ай жатып той тойлап,
Қарамандай құрдасқа
Екі қызды некелеп,
Еліне тағы қайтады [Қобланды батыр. 125 б].
Қарлыға бұл сөзді айтқасын
Енді атына мінеді,
Бадана көзді ақсауыт
Денесіне киеді [Қобланды батыр 74 б].
Байға айтты: «Ер едің,
Ерім, сенен тілегім:
Тойғанымша жер едім,
Тауып берсең қабыланды! [Алпамыс батыр 160 б].*

Қырғыз тілінде де ***айт*** етістігінің мағынасы қазақ тіліндегі ***айт*** етістігінің мағынасынан алшақтамаған. Мысалы:

*Ақбалта зарлап, муну айтып,
Алоокеге алдырып салған шумду айтып,
Ақбалта абаң турганда
Текечи кан, Шыгай кан
Ал да келди антаңдап [Манас I бөлім, 29 бет].*

Дәл осындай мағыналық жақындық қарақалпақ және өзбек тілдеріндегі сөйлеу етістіктерінен де байқалады. Мысалы:

*Жасырғанды айт сен деп,
Пиықпенен қосып сабады [Қоблан, 19 бет].*

Айт етістігі өзгелік етіс жұрнағын қабылдап, табыс және барыс жалғаулы сөздерді меңгереді. Мысалы:

Айтқызармын өлеңді [Алпамыс батыр. 247 б].

Мұндай құбылыс қарақалпақ тілінде де бар. Мысалы:

«Қалдырмай айт занғар!» деп,

Ғаррыны тутып сабады [Қоблан 18 бет].

Өзбек тілінде:

Албатта, эшитган менинг шартимни,

Кимга айтайин, дўстлар, ички дардимни [Булбул. Кунтуғмиш, 207 бет].

Айт етістігі ырықсыз етіс жұрнағын қабылдап, сабақтылық мәннен салттық мағынаға ауысады. Міне, осымен байланысты **айт** етістігі табыс жалғаулы сөзді меңгеру мүмкіншілігінен айрылады. Мысалы:

Ай, тақсыр, бір сөз қапты айтылмаған [Арқалық батыр. 140 б].

Сөйлеу етістіктерінің прагматикасын қарастыру барысында, олардың прагматикалық тұрғыдан өзіндік қызмет атқаратындығына көз жеткіздік. Қорыта келгенде, сөйлеу етістіктері – етістіктің дербес бір топ құрайтын семантикалық топшасы. Бұл етістіктер мағыналық жағынан синоним болғанымен, сөйлеу контекстінде бірінің орнына бірі барлық жағдайда қолданыла бере алмайды. Сөйлеу етістіктері қандайда бір ақпаратты жеткізуімен сипатталса, олардың әрқайсысының білдіретін мағыналары әртүрлі. Өйткені қандайда бір ақпарат айтушының ыңғайына қарай әртүрлі формада болады. Осыған орай олардың іштей бірнеше топқа бөлінетіндігіне көз жеткіздік.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Павлодар, 2010.
2. Н.Оралбай. Қазіргі қазақ тілінің мопрфологиясы. – Алматы, 2007.
3. Н.К.Дмитриев. Глаголы речи в языках тюрской группы. Москва, 1962.
4. Н.З.Гаджиева. Глаголы речи в тюрских языках / Н.З.Гаджиева, А.А.Коклянова // Историческое развитие лексики тюрских языков. АН СССР. Инст-т языкознания. – М., 1961.
5. М.Оразов. Семантика казахского языка. Алматы, 1983
6. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы: Дайк-Пресс баспасы, 2008. – 968 б.
7. А.Ә.Османова. Синонимдес етістіктердің семантика-стилистикалық қызметі. – Алматы: Ғылым, 1991. – 128 б.
8. Қ.Қасабек. Бір буынды негізгі түбір салт етістіктер. Алматы, 1999.121 б
9. А.Аблақов. Меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркестері. Алматы «Мектеп» 1986.
10. Батырлар жыры, I том, - Алматы: Жазушы, 2000. – 256 бет.
11. Манас: Эпос. I кітап, - Фрунзе: Кыргызстан, 1984. – 248 бет.
12. Қоблан, - Қарақалпақ мемлекет баспасы, Нокис – 1959
13. Булбул, I том, - Ташкент, 1971.

ӨОЖ 811.512.122:001.4

ТІРКЕСТІ ТЕРМИНДЕРДІҢ ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ СӨЗДІКТЕРДЕ БЕРІЛУІ (әдебиет және лингвистика сөздігі бойынша)

Әукенова Толғанай Қанатқызы

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті, қазақ тілі мен әдебиеті
мамандығының студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі –ф.ғ.к., доцент Б.Г.Мамаева

Тіл мамандары күрделі сөз мәселесі туралы айтып та, жазып та келеді. Бірақ күрделі сөздің анықтамасы, қағидасы, сипаттамасы, межесі тәрізді ұстанымдарын – басқа күрделі